23.08.18. 05-07/3959

«Жобалау құрылыс институты ҚазНұр» ЖШС-і

Сіздің 03.08.2018ж. № 19813 хатыңызға

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті, Сіздің "Алматы қаласы Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы" КММ-мен № 2628378-1 «Сумен жабдықтау және су бұру желілерін дамыту бойынша жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу» конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алуға жүргізілген конкурстық комиссияның заңсыз іс-әрекеттеріне қатысты арызыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

01.08.2018ж. № 2397320 қорытындылар туралы хаттамаға сәйкес, әлеуетті өнім беруші "Бірлестік" ЖШС-гі конкурстық комиссия шешімімен конкурсқа қатысуға жіберіліп, ең төмен баға негізінде конкурстың жеңімпазы болып анықталған.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналасқан тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіне сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге 2-ші дәрежелі жобалау қызметінің лицензиясы болу туралы біліктілік талаптары қойылған.

Мемелекеттік сатып алу материалдарын қарастыру кезінде төмендегілер анықталды.

Әлеуетті өнім беруші "Бірлестік" ЖШС-нің конкурстық өтінімінде жобалау қызметімен айналысу үшін берілген 12.08.2013ж. № 13013346 лицензия ұсынылған.

5-қосымшадағы ескертудің 11 тармағына сәйкес, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсыну тек көрсетілуі конкурстық құжаттамада көзделген мәліметтер бойынша міндетті.

Сәйкесінше, әлеуетті өнім беруші "Бірлестік" ЖШС-не конкурстық құжаттамамен талап етілген құжаттар ұсынылған.

Әлеуетті өнім беруші "Бірлестік" ЖШС-мен жалған ақпарат беруіне қатысты.

Конкурстық құжаттаманың 10 қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші "Бірлестік" ЖШС-сі қоршаған ортаға әсер етуді бағалау үшін қызметтерді көрсетуге қосалқы мердігер мекеме ретінде «New southern-contract company»ЖШС-і қарастырылған.

Осыған қоса, «New southern-contract company» ЖШС-не берілген қоршаған ортаға әсер етуді бағалау үшін қызметтерді көрсету 06.06.2017ж. № 01934Р лицензиясы және "Бірлестік" ЖШС-гі мен «New southern-contract company» ЖШС-гі арасында жасақталған 09.06.2018ж. келісім-шарт ұсынылған.

Egov.kz ресми сайтынан алынған мәліметтерге сәйкес, жоғарыда көрсетілген келісім шарттағы 111040003415 бизнес сәйкестендіру номірімен заңды тұлға «Ecosintez» ЖШС-і тіркелген және 03.03.2018ж. № 01976Р лицензиясы берілген.

Алайда, тапсырыс берушімен конкурстық құжаттамада қоршаған ортаға әсер етуді бағалау үшін қызметтерді көрсету туралы лицензиясын әлеуетті өнім берушілермен конкурстық өтінімдерінде ұсыну туралы біліктілік талптары қарастырылмаған.

Осыған орай, конкурстық комиссияның әлеуетті өнім беруші "Бірлестік" ЖШС-гін конкурстық құжаттама талаптарына және біліктілк талаптарына сәйкес деп тану шешімінде мелекеттік сатып алу заң талаптарының бұзылуы фактілері орын алмаған.

Сонымен қатар, Департамент тарапынан «Ecosintez» ЖШС-не 09.08.2018ж. қоршаған ортаға әсер етуді бағалау үшін қызметтерді көрсету туралы жасақталған келісім-шарттың заңдылығын растау туралы сұраныс жіберілді.

Сұраныстың нәтижесі туралы ақпарат, сәйкесінше жауап алынғаннан кейін қосымша хабарланады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, бақылау қорытындысы бойынша, Сіздің арызда көрсетілген дәлелдемелеріңіз расталмады.

Арызыңызды қарастыру нәтижесі бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым түсіруге құқылы екеніңізді қаперіңізге береміз.

Департамент басшысының м.а. **Е. Байғалық**

орын.: К.Тлеубердиева
тел.: 8/727/279-40-89